

**Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім
министрлігінің кейбір мәселелері туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 28 қазан N 1366. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.11.26. N 1180 қаулысымен.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне мынадай
ө з г е р і с т е р е н г і з і л с і н :

1) "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 499 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 16, 163 - құжат) :

2-тармақтағы "екі вице-министр" деген сөздер "үш вице-министр" деген сөздермен ауыстырылсын;

3 - тармақ алынып тасталсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі туралы Ережеде:

16-тармақтың екінші абзацындағы "қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасары - вице-министрі" деген сөздер "қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын орынбасарлары - үш вице-министрлері, соның ішінде бір бірінші" деген сөздермен ауыстырылсын;

18-тармақтың 1) тармақшасындағы "вице-министрдің" деген сөздер " вице-министрлердің" деген сөздермен ауыстырылсын;

2) < * >

Ескерту. 2)-тармақшаның күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2002.01.11. N 39 қаулысымен .

3) "Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігі Мәдениет комитетінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 29 сәуірдегі N 500 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 16, 164-құжат):

1-тармақтың 2) тармақшасының күші жойылды деп танылсын.

2. Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық келісім министрлігіне екі қосымша штат бірлігін ұстау жөніндегі шығыстарды жабуға 2001 жылға арналған республикалық бюджетте табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға және өзге де күтпеген шығыстарға

көзделген Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен 222000 (екі жүз жиырма екі мың) теңге бөлінсін.

3. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі заңнамада белгіленген тәртіппен бөлінетін қаражаттың мақсатты пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырсын Р000338_ Р990626_ V960207_ .

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі